

 SATBAYEV UNIVERSITY	«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3-деңгейлі СМЖ құжаты	2024 жылғы « <u>12</u> » <u>01</u> №2 редакция	E029-04-04-02.1.01-2024

**Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институтының
«Мұнай инженериясы» кафедрасының филиалы туралы**

ЕРЕЖЕ

E 029-04-04-02.1.01-2024


Алматы 2024

АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институтында **ӘЗІРЛЕНДІ**

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институтының директоры

«03» 01 2024 ж.

 А.Сыздықов

«Мұнай инженериясы» кафедрасының меңгерушісі

«03» 01 2024 ж.

 Г.Елигбаева

Мансап орталығының бастығы

«03» 01 2024 ж.

 А.Бекишева

2 КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі - Әкімшілік, әлеуметтік және тәрбие жөніндегі проректор


«11» 01 2024 ж.



 С.Шалабаев

Қаржы және есеп департаментінің директоры - бас бухгалтер

«10» 01 2024 ж.

 Г.Токжигитова

Заңгерлік қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасы бастығының міндетін атқарушы

«09» 01 2024 ж.

 Т.Абукенов

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы

«08» 01 2024 ж.

 А.Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің бастығы

«05» 01 2024 ж.

 Ж.Орақбаева

3 Басқарманың 2024 жылғы «12» 01 № 1 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

4 2021 жылғы 02 желтоқсандағы №1 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Кафедра филиалының мақсаттары	4
3. Кафедра филиалының міндеттері	5
4. Кафедра филиалының жоспарлы қызметі	6
5. Кафедра филиалының штаты және басқару	7
6. Жұмысты қаржыландыру және тараптардың заңды жауапкершілігі	7
7. Кафедра филиалының қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату	8
Өзгерістерді тіркеу парағы	9

1 Жалпы ережелер

1.1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институтының «Мұнай инженериясы» кафедрасының филиалы (бұдан әрі – Кафедра филиалы) Университет жарғысына сәйкес «APEC Training Center» ЖШС (бұдан әрі – Кәсіпорын) базасында құрылады.

1.2 Осы Кафедра филиалы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Кафедра филиалының қызметін реттейді және кәсіпорында Кафедра филиалының мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, ұйымдастыру және жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

1.3 Кафедра филиалы – Университеттің «Мұнай инженериясы» кафедрасының оқу-ғылыми бөлімшесі (бұдан әрі – Кафедра), оның құрылымына кіреді, Кәсіпорын базасында жұмыс істейді және Кәсіпорынмен бірлескен білім беру, ғылыми, оқу-әдістемелік және тәрбие қызметін жүзеге асырады.

1.4 Кафедра филиалы Университет ректорының бұйрығымен құрылады, қайта ұйымдастырылады немесе таратылады.

1.5 Оқу, ғылыми және тәрбие процестерінің сапасын жоспарлау және қамтамасыз ету мәселелері бойынша Кафедра филиалы Институт дирекциясы мен кафедраға бағынады.

1.6 Кафедра филиалы филиалдың міндеттері мен функцияларын орындау шеңберінде Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

1.7 Кафедра филиалының базасында талапкерлер рекрутингіне, оқу процесін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және кафедра студенттерінің, магистранттары мен докторанттарының (бұдан әрі – Білім алушылар) барлық практикаларын қамтамасыз етуге, үй-жайларды бөлуге, есептеу техникасын, сондай-ақ рекрутингтік іс-шараларды, білім алушылардың ғылыми зерттеулері мен практикалық сабақтарын өткізу үшін өндірістік жабдықтарды беруге бағытталған келісілген іс-шаралар өткізіледі.

2 Кафедра филиалының мақсаттары

2.1 Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, Білім алушылар мен мамандардың кәсіби даярлығының сапасы мен деңгейін арттыру.

2.2 Білім алушылардың академиялық, әлеуметтік-тұлғалық және кәсіби құзыреттерін дамыту.

2.3 Білім, өндіріс және ғылым интеграциясын тереңдету.

2.4 Университеттің Кәсіпорынмен және оның филиалдарымен байланысын нығайту.

2.5 Білім алушылардың оқу процесінің практикалық бағытын күшейту, атап айтқанда, өндіріс өкілдерінің талабы бойынша Кәсіпорын базасында Білім алушыларды практикалық даярлау (Дуальды оқыту бағдарламасы немесе индустриялық әріптестермен әріптестік шеңберінде).

2.6 Кәсіпорын үшін зерттеу жұмыстарын көрсету мен талдаулар жасау арқылы Білім алушылардың зерттеу қабілеттерін дамыту.

2.7 Оқытушылар мен Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін өндірістік негіз құру.

2.8 Бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу.

2.9 Өзара қызығушылық тудыратын салаларда жоғары білікті мамандар мен ғылыми кадрларды даярлаудағы ынтымақтастық.

2.10 Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде тараптар өзара келіскен ынтымақтастықтың кез келген басқа бағыттары.

3 Кафедра филиалының негізгі міндеттері

3.1 Оқу процесінің практикалық және инновациялық бағытын күшейту үшін нақты өндіріс процесі жағдайында Университет Білім алушыларының академиялық пәндері мен практикалары бойынша оқу және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүргізу;

3.2 Кафедраға өндіріс қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуға және жетілдіруге жәрдемдесу;

3.4 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне» оқуға түсетін талапкерлер үшін қабылдау комиссиясының жұмысы кезеңінде Кәсіпорынның филиалға құжаттар топтамасын жинау және деректерді Университеттің бас филиалына жіберу арқылы жәрдемдесуі;

3.5 Кафедра мен Университет филиалының педагогикалық жұмысына Кәсіпорын мамандарын тарту, сондай-ақ басшылар, жетекші мамандар, өндіріс жаңашылы қатарындағы Кәсіпорын қызметкерлерінің қонақ дәрістеріне және Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысуы;

3.5 Кафедра мен Университет филиалының педагогикалық жұмысына кәсіпорын мамандарын тарту, сондай-ақ басшылар, жетекші мамандар, өндіріс инноваторлары қатарындағы Кәсіпорын қызметкерлерінің қонақ дәрістеріне және мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысуы;

3.6 Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерін жеке өтінімдер мен шарттар негізінде ғылым мен техниканың өзекті мәселелері мен перспективалық бағыттары бойынша Кәсіпорын жұмыскерлерін қайта даярлау, біліктілігін арттыру, теориялық білімдерін байыту жөніндегі жұмысқа тарту;

3.7 «APEC Training Center» ЖШС тарапынан ғылыми-зерттеу жұмыстары жетекшілерінің ұсынымдары негізінде Университет түлектерін одан әрі жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

4 Кафедра филиалының жоспарлы қызметі

Кафедра филиалы Кафедра пәндері бойынша оқу-әдістемелік жұмысты және Кәсіпорынның өндірістік қызметінің басым бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады.

4.1 Оқу жұмысы:

- Кәсіпорынның өндірістік алаңдарында арнайы пәндер бойынша зертханалық және практикалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу;

- Білім алушылардың оқу, өндірістік және ғылыми-өндірістік практикаларын ұйымдастыру және өткізу;

- Кәсіпорынның білім алушылары мен өндірістік қызметкерлерін заманауи жабдықтар мен жаңа техникадағы жұмысқа дайындау;

- Кафедра филиалында да, Университетте де арнайы пәндер бойынша Білім алушыларға алдын ала келісілген келісім бойынша сағаттық төлем шарттарымен дәріс оқу үшін Кәсіпорын мамандарын тарту;

- Кәсіпорынның өндірістік қажеттіліктерін ескере отырып, бітіру біліктілік жұмыстарының (дипломдық жұмыстар мен диссертациялар) ұсынылатын тақырыптарын жасау;

- Университет Білім алушыларының бағдарламалары шеңберінде бітіру біліктілік жұмыстарына бірлескен ғылыми жетекшілік ету, Білім алушылар орындайтын жұмыстардың шынайылығын қамтамасыз ету;

- оқу және тағылымдама барысында Білім алушылардың білімін бақылауды, тағылымдама жетекшілеріне әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсетуді жүзеге асыру.

4.2 Әдістемелік жұмыс:

- Институттың білім беру бағдарламаларын және өндірістік жағдайларда зертханалық және практикалық сабақтар бойынша әдістемелік нұсқауларды әзірлеуге қатысу;

- Институттың білім беру бағдарламаларын (ПОӘК, Силлабус) алынған пайданың 70% мөлшерінде Филиалға төлеу арқылы кәсіпорынның коммерциялық мақсаттарында пайдалану;

- оқу процесінде және ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде Кәсіпорынның технологиялық жабдықтарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, тиісті практикумдар мен зертханалық жұмыстарды дайындау және жүргізу;

- Білім алушыларға ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсету;

- оқу-әдістемелік конференцияларға қатысу;

- жасалған шарттар негізінде Университетте нысаналы оқыту үшін кәсіби бағдар беру жұмысына және жас мамандарды іріктеуге қатысу.

4.3 Ғылыми жұмыс:

- Білім алушыларды оларға міндетті түрде тарта отырып, Университет пен өндіріс жүргізетін бірлескен ғылыми және инновациялық қызметке қатысу;

- Кәсіпорынның мұнай-газ кен орындарына тән өзекті мәселелер бойынша Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірлесіп әзірлеу және жүргізу;

- Кәсіпорынның технологиялық процестеріне Кафедра әзірлемелерінің нәтижелерін енгізуге жәрдемдесу;

- Кәсіпорын мен Университет ұйымдастыратын ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу;

- бірлескен ғылыми зерттеулердің нәтижелерін республикалық және халықаралық ғылыми басылымдарда жариялау.

5 Филиалдың штаты және басқару

5.1 Филиалдың құрылымы мен оның штаты Кәсіпорын басшылығымен келісім бойынша Басқарма төрағасы – Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ ректорының бұйрығымен бекітіледі.

5.2 Филиал басшысы Басқарма төрағасы – Университет ректорының бұйрығымен Кәсіпорын басшысымен келісім бойынша Кафедраның штаттық оқытушысы немесе Кафедра бойынша штаттық қоса атқару шарттарында осы Филиалда жұмыс істейтін маман тағайындалады.

5.3 Филиал басшысы белгіленген мерзімде барлық жұмыс түрлері бойынша Университет пен Кәсіпорынға есеп береді.

6 Жұмыстарды қаржыландыру және тараптардың заңды жауапкершілігі

6.1. Кафедра филиалының қызметі Кәсіпорын базасында және оның филиалдарында, оқу процесінің мақсаттары үшін бөлінген және жабдықталған үй-жайларда жүзеге асырылады. Бөлінген үй жайларды күтіп ұстау және оларға қызмет көрсету Кәсіпорынның күшімен жүзеге асырылады;

6.2. Ақшалай шығындарға қажеттілік туындаған кезде Тараптар жеке шарт жасасады;

6.3. Кафедра филиалы Кәсіпорын мен Университеттің жабдықтары мен басқа да пайдаланылатын мүліктерінің сақталуына жауап береді.

7 Филиалдың қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату

7.1 Филиалдың қызметін қайта ұйымдастыру, сондай-ақ тоқтату Кафедраның ұсынуы бойынша Университет пен Кәсіпорын басшылығының бірлескен шешімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгерістердің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні және нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы, лауазымы